

"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіп берілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 28 қантардағы № 107 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 18 ақпанды № 61 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2017 жылғы 15 наурызда № 14900 болып тіркелді

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіп берілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 28 қантардағы № 107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13263 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 11 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіліп берілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпараттандыру департаменті (Ж.З. Жахметова) белгіленген заңнамалық тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап, күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрi

Д. Абаев

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрінің  
2017 жылғы 18 ақпандығы  
№ 61 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
міндеттін аткаралышының  
2016 жылғы 28 қаңтарындағы  
№ 107 бұйрығымен бекітілген

**"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының  
операторына бекітіп берілетін мемлекеттік органдардың  
интернет-ресурстарының және "электрондық үкіметтің"  
ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесі**

1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының  
операторына бекітіп берілетін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстары:

- 1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің  
интернет-ресурсы;
- 2) Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсы;
- 3) Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің  
интернет-ресурсы;
- 4) Қазақстан Республикасы Үкіметтің интернет-ресурсы;
- 5) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлар жемқорлыққа  
қарсы іс-қимыл агенттігінің интернет-ресурсы;
- 6) Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының интернет-ресурсы;
- 7) Қызылорда облысы әкімдігінің интернет-ресурсы;
- 8) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурстары  
(economy.gov.kz, kds.gov.kz, kremzk.gov.kz, kzpp.gov.kz);
- 9) Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсы;
- 10) Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының интернет-ресурсы.

2. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының  
операторына бекітіп берілетін "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық  
инфрақұрылымының объектілері:

- 1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы;
- 2) "электрондық үкіметтің" шлюзі;

- 3) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
  - 4) "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
  - 5) "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
  - 6) "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі" ақпараттық жүйесі;
  - 7) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесі;
  - 8) "Жылжымайтын мұлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
  - 9) "Халыққа қызмет көрсету орталықтарының интеграцияланған ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесі;
- 10) "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интранет-порталы" ақпараттық жүйесі;
- 11) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі;
- 12) кедендік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
- 13) тәуекелдерді селективті бақылау және басқару;
- 14) сыртқы сауда кеден статистикасының деректеріне қолжетімділікті статистикалау, талдау және ұйымдастыру;
- 15) голографиялық қорғау элементі бар есептік-бақылау маркасын пайдалана отырып, алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын бақылау;
- 16) акциздік өнімдердің және мұнай өнімдері жеке тұрлерінің өндірілуі мен айналымын бақылау (Акциз);
- 17) интеграциялық деректер қоймасы;
- 18) "Web-декларант" электрондық декларациялау кешені;
- 19) қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі;
- 20) "АХАЖ" ақпараттық жүйесі;
- 21) "Жылжитын мұлік тізілімі" ақпараттық жүйесі.
- 22) "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі ;
- 23) "e-learning" электрондық оқыту ақпараттық жүйесі;
- 24) "Салық төлеуші кабинетінің Web-қосымшасы" ақпараттық жүйесі;
- 25) "Салық есептілігін өндеу жүйесі" ақпараттық жүйесі;
- 26) "Салықтың әкімшілендірудің ақпараттық жүйелерін интеграциялаудың өнеркәсіптік платформасы" ақпараттық жүйесі;
- 27) "Ықпалдастырылған салықтық ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесі;
- 28) "Деректерді бірыңғай сақтау орны" ақпараттық жүйесі;
- 29) "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот" ақпараттық жүйесі;
- 30) "КР Қаржымыні МҚК Web-порталы" ақпараттық жүйесі;
- 31) "Салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімі" ақпараттық жүйесі;
- 32) "Электрондық шот фактуралары" ақпараттық жүйесі;

- 33) "Жедел басқару орталығы" ақпараттық жүйесі;
- 34) "Интеграцияланған кедендік тариф" ақпараттық жүйесі;
- 35) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің МобиЛЬДІ офисі" ақпараттық жүйесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК